

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің еңбекақы мәселелері жөніндегі кейбір актілерінің күші жойылған деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 29 қаңтардағы N 2845 Заң күші бар жарлығы

"Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті әкімдерге уақытша қосымша өкілеттік беру туралы" 1993 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының Z933600_1-бабына сәйкес Қаулы Етемін:

1. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің мынадай актілерінің күші жойылған деп танылсын:

1) "Қазақ ССР-і мемлекеттік өкімет және басқару органдары басшыларының лауазымдық жалақылары туралы" Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің 1991 жылғы 28 маусымдағы N 712-XII қаулысы;

2) "Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің аппараты мен комитеттері қызметкерлерінің лауазымдық жалақылары туралы" Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1991 жылғы 30 тамыздағы қаулысы (Хаттама, 1991 ж., N 39, 5-құжат, 1991 ж., N 55, 12-құжат);

3) "Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің комитеттері төрағаларының, хатшылары мен мүшелерінің лауазымдық жалақылары туралы" Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1991 жылғы 26 желтоқсандағы N 1081-XII қаулысы (Хаттама, 1991 ж., N 55, 9-құжат);

4) "Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі комитеттері мен аппараты және Орталық сайлау комиссиясы қызметкерлерін материалдық ынталандыру жөніндегі қосымша шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1992 жылғы 19 наурыздағы қаулысы.

II. Осы Жарлық 1996 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті